

*С. Е. Джакупова, 2-курс  
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Сопыханова, кеден ісі кафедрасының меңгеру-  
шісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)*

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС — БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ МІНДЕТІ**

Сыбайлас жемқорлық — қоғамдағы өз орнын жеке мақсаттарына ашкөздікпен пайдалануды білдіретін жалпы термин<sup>1</sup>.

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының себептері қандай? Мұның жауабы қарапайым. Оны сыбайлас жемқорлықты зерттеушілердің көпшілігі береді: сыбайлас жемқорлықтың себебі мемлекет болып табылады, яғни әртүрлі шектеулер, реттеуші және бақылаушы ережелер.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық бұл мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу.

Елбасы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады деп атап көрсетті. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Ха-

лық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Атқарушы билігі сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресте нағыз тиімді тетіктерді құруға қол жеткізген ол — Сингапур мемлекеті. Егер біздің мемлекетіміз Сингапур мемлекеті ұстанған сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасының қағидаттарын назарға алса, мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықтың көрсеткіші төмендеп, экономикамыз одан әрі қарай дамиды деген сенімдемін. Сол қағидаттарға тоқталып кетсек:

1. Пара берушіге де, оны алушыға да шара қолданылуы тиіс.

2. Жазалау процесінің ажырамас бөлігі қоғамдық бетке басу болып табылады. Ешкім де, мейлі министр, не парламент мүшесі немесе жоғары лауазымды тұлға болсын, заңнан жоғары тұра алмайды. Сыбайлас жемқорлық туралы істердегі зор қатаңдық жоғары қызметтегі шенеуніктерге қатысты қолданылады. Ұстанған факторды күшейту үшін жазалау мөлшері 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру және айыппұл мөлшерін 10000 доллар көлемінде, оған алған параның құнын қоса төлеуге ұлғайтылды.

3. Мемлекеттік мүдделер арасында айқын шекара жүргізу қажет. Ол, өз отбасына көмектесу міндеті, туған-туысқандарына және достарына мемлекеттік қаражаттан емес, тек жеке меншіктік үлесі жағынан қарым-қатынас болуы тиіс.

4. Туыстық байланыс немесе лауазымды тұлғаны тағайындауда анықтаушы фактор болуға тиісті саяси қорғаншылық емес, жеке және кәсіби еңбек танымы кепіл болуы тиіс.

5. Өз беделіне дақ түсірген шенеуніктердің шарасыздан босатылуы. Бұл жөнінен баспасөз маңызды рөл ойнайды: сыбайлас жемқорлық жағдайының мәлім етілуін және жазалау мәнісін міндетті түрде жариялайды, сыбайлас жемқорлық залалдарына қатысты мәліметтермен көпшілікті хабардар етеді. Бұл мемлекеттік қызметке адалдық пен сенім атмосферасын құруға көмектеседі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты жазалау қағидаттарын қатайтады.

6. Міндетті тексерілетін мемлекеттік лауазымды тұлғалардың есептілігі, олардың табыс көздері туралы. Жыл сайын мемлекеттік қызметкерлер декларация тапсыру үшін арнаулы нысандарды толтырады: олардың онда мүліктері, активтері және қарыздары көрсетіледі. Егер олар қосымша табыстарының қайдан келгенін түсіндіре алмаса, бұл сыбайлас жемқорлық көздері болып табылатынын шамалауға болады. Бұл жағдайда тиісті тексеру жүргізіледі. Прокурордың кез келген банктің, акционерлік және тұлғалардың есептік шоттарын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы бұзушылық күдігі бар актіні тексеруге құқығы бар.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жемқорлық індетінің тамырына түбегейлі балта шаппайынша мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайтынын атап көрсеткен болатын. Қоғамда жегі құрттай жайылып бара жатқан бұл індеттің алдын алудың бірден-бір тәсілі осы деп білеміз. Әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

<sup>1</sup> «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267-1 Заңы